

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі
МУЗЕЙ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады.
Әл-Фараби

БАСТЫ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- Жинақтаған жәдігерлер арқылы тарихи оқиғаларды насихаттау;
- Туындыларды зерттеу;
- Қоғамдық мәні зор жобаларды ұйымдастыру;
- Қалың көрермен аудиториясын тарту;
- Жеке ғылыми тақырыптарды дайындау;
- Тақырыптық көрмелер дайындау;
- Музейді жаңғыртуды жүзеге асыру;
- Жас ұрпақты рухани-адамгершілік, отаншылдық рухта тәрбиелеу

Музейдің қор жұмысы

Музейдің басты міндеті мұражай жинақтамасын жинақтау, құру және сақтау болып табылады. Музейдің қор жұмысына жәдігелерді есепке қою, сақтау және реставрациялау кіреді.

Есептеу-сақтау реставрациялау жұмысы

1. Жәдігерлерді тұрақты сақтауға қабылдау;
2. Хаттама жазу, жұмыстарға сипаттама жасау, сақталу күйін қадағалау, таңбалау;
3. Музей кеңесінің отырысын 3 айда бір рет ұйымдастыру;
4. Табылған, түскен жәдігерлерді есепке алу кітапшасына тіркеу;
5. Әдебиеттердің жақтауларын ауыстыру, жаңарту ;
6. Көрмелерге жұмыстарды алдын ала іріктеу;
7. Жыл сайын түгендеу;
8. Колледж сайтында музей туралы мәліметтерді жаңартып отыру;

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-КОНЦЕПЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің музейінде 6 (алты) ілінген шам, бөлмені толық қамтыған жиһаз , қабырғаларда тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер, қою қоңыр түсті перде және еденде көкшіл түсті кілемше жайылған.

Жалпы тақырыптық мамандыққа сай алты бөлімнен тұрады. Олар: фармакология, стоматология, гигиена және эпидемиология, емдеу ісі, мейірбике ісі, лабораториялық бөлім.

«Өткен күннің тарихы – болашақтың куәсі» атты қабырға осы бөлімдерді қамтиды.

«Дәуір даналарын ілестіреді, ұстаз білімділікті үлестіреді» атты қабырға 1916 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі білікті басшылар және оқу ісінің меңгерушілерінің суреттерімен жабдықталған.

«Сырлы шежіреге толған білім ордасы» атты қабырға 100 жылдық сырға толы оқу орны жөнінде толық мәлімет береді.

«Ұрпақ тәрбиесі - ұлы іс» атты қабырға киелі мамандық иелері туралы сөйлейді. Бүгінгі Жоғары колледж мәртебесін алған іргелі білім ошағының негізін қалаушылар туралы, әр кезеңдерде ұстаз, білім алушы ретінде колледждің атағын шығарған, республикалық сайыстарда жүлделі орын алған тұлғалардың марапаттаулары ілінген.

«Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» атты Елбасымыздың ұлағатты, жалынды сөздері арқылы бүгінгі өскелең ұрпақтың жетістіктерін паш еткен спорт пен тәрбие тарапынан иеленген бірқатар алғыс хаттар мен кубоктар қойылған.

«Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» атты үлкен үш бөлім Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған.

Рухани әлемінді жаңғыртқан музей

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының басты мақсаты білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмысын жүргізу және Қазақстан Республикасының болашағы – жастарға патриоттық тәрбие беру. Осы орайда, Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінің музейі «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ тапсырмасына сәйкес «Әр білім мекемесінде - музей» акциясының Ережелері негізінде бұрынғыларды құжаттандырып, жаңа дәстүрлі үлгіде тек Батыс Қазақстан өңіріндегі медицина бастауы ғана емес, бүкіл денсаулық сақтау мекемелерінің естеліктері жаңғырылып, келушілер саны 1600 жетіп, жәдігерлер саны артып, «Музей» атағын растап, «Музей» куәлігіне ие болды.

В программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Курс на будущее? Духовное возрождение») Н.А.Назарбаев отметил, что сейчас настал период, когда надо большое внимание уделять развитию исторического самосознания, любви к истории, к своим истокам. Большая работа в этом направлении ведется музеем нашего колледжа. За свою вековую историю музей превратился в большое хранилище исторических памятников.

В 2018 году музей истории медицины Западно-Казахстанского Высшего медицинского колледжа подтвердил свое звание «Музей» и получил паспорт.